



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Түркістан өңірі жарқырай түспек



Түркістан қаласының маңында «KEGOC» АҚ құрылысын жүргізген кернеуі 220 кВ «Орталық» жаңа қосалқы станциясы пайдалануға берілді. Ол трансформатор қуатын 250 МВА-ға арттыруға мүмкіндік береді.

«Орталық» қосалқы станциясы «KEGOC» АҚ-ның «Түркістан қаласының сыртқы электрмен жабдықтау схемасын күшейту. Электр желілік объектілер салу» жобасының аясында Сауран ауданы аумағында, Түркістан халықаралық әуежайына жақын маңда салынды. Жалпы құны 9,93 млрд теңгені құрайтын жоба компанияның меншікті қаражаты есебінен іске асырылды.

Жаңа қосалқы станцияны іске қосу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Қаныш Молдабаев, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Жаңа қосалқы станция Түркістан энергия торабын электрмен жабдықтаудың қосымша орталығына айналады. Соның нәтижесінде, жергілікті электр тарату желісін дамыту үшін тиісті жағдайлар жасалатын болады. Сондай-ақ өңірлік желінің қажетті өткізу қабілеті қамтамасыз етіледі. Жаңа энергетикалық объектінің іске қосылуы өңірдің индустриялық-инновациялық дамуына соны серпін береді. Сонымен бірге аймақтың 300 мыңға жуық тұрғыны сапалы электр энергиясына қол жеткізеді. Осылайша, «Орталық» қосалқы станциясы құрылысының жобасы бірнеше маңызды мәселенің оң шешімін табуға мүмкіндік беріп отыр, – деп атап өтті «KEGOC» компаниясының басшысы Қаныш Молдабаев. – Түркістан облысы, әсіресе Түркістан қаласы қарқынды дамып отырғандықтан, сапалы электр қуатымен жабдықтауды қажет етеді. Жоба шеңберінде 220

кВ және 110 кВ ашық тарату құрылғылары, 10 кВ жабық тарату құрылғылары, жалпы қосалқы станциялық басқару пункті, өрт сөндіру сорғы станциясы, қосалқы ғимараттар (көлікжай, БӨП), кірме автомобиль жолы салынды.

Жаңа қосалқы станция 220кВ құрайтын екі энергетикалық желі байланысымен қамтамасыз етілген. Әрқайсысының қуаты 125 МВА-ға тең екі трансформатор орнатылған. Ал энергия объектісінің жалпы номиналдық қуаты – 250 МВА. Осының нәтижесінде, жергілікті электр тарату желісінің, өңірлік желінің қажетті өткізу қабілетінің дамуына тиісті жағдайлар жасалып отыр. Жаз кезінде Түркістан 50-60 мегаватт электр қуатын тұтынады. Ендігі жерде жаңа энергиялық қуатты шамамен 180 мегаваттқа көтеруге мүмкіндік бар. Яғни бұрынғы тұтыну көрсеткішінен үш есе артады.

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев Түркістан қаласын дамытудың бірінші кезеңі аяқталғанын, төрт жылдың ішінде халықаралық әуежай, әкімшілік-іскерлік және мәдени-рухани орталықтар, яғни қаланың негізгі әлеуметтік инфрақұрылымы салынғанын атап өтті. Қала аумағында биік ғимараттар, мәдениет және спорт ғимараттары, әлеуметтік объектілер пайда болды. Ал өңірде бизнесті өркендету, қаланың инфрақұрылымын дамыту сапалы әрі тұрақты энергиямен жабдықтауды талап етеді.

«KEGOC» АҚ Күрдәлі құрылыс және пайдалану жөніндегі басқарушы директоры Ермаханбет Атақұлов жобаның әлеуметтік маңыздылығына тоқталып өтті.

Құрылыс кезінде 114 жұмыс орны құрылған еді, ал пайдалануға берілгеннен кейін қосалқы станцияда 10 адам тұрақты жұмыс істейтін болады. Бұдан басқа, жобаны іске асыру кезінде отандық өндіріс материалдары мен жабдықтары пайдаланылды, – деді Е.Атақұлов.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Ералы Тоғжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірінші жартыжылдықтың қорытын-



## Елімізде 1 миллионнан астам адамның жалақысы өсті

дысы бойынша Бағдарлама шаралары аясында бюджет саласындағы 850 мың қызметкердің, квазисектордың өндірістік бағытында жұмыс істейтін 240 мың және бизнес құрылымдарындағы 1,2 миллион еңбеккердің жалақысы өскенін баяндады.

Президентке Үкіметтің барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындап жатқаны туралы айтылды. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, табысы жоқ азаматтардың экономикаға әлеуметтік тұрғыдан жұмылдырылуына қатысты кешенді шаралар атқарылып жатыр. Бұл ретте оларға жұмыс орындары ашылып, жаңа кәсіп түрлерін меңгеру үшін біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік жасалуда.

Премьер-министр орынбасарының айтуынша, 2025

жылға дейінгі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында 2 миллионнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 444 мыңы биыл ашылмақ. 1 шілдедегі мәлімет бойынша 249 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл жылдық жоспардың 56 пайызына сәйкес келеді.

Әкімдіктермен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібі, мұнай-газ химиясы саларында және аграрлық секторда 2025 жылға дейінгі инвестициялық жобалар пулы жасақталған. Бұл тізімде 266 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтитын 847-ге жуық жоба бар.

Мемлекет басшысына «Жастар тағылымдамасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша тағылымдамадан өту мерзімін ұзарту, еңбекақы көлемін арттыру және жастардың

жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруға бөлінетін гранттардың көлемін өсіру жөнінде баяндалды. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына жататын азаматтардың тұрақты табыс табуы үшін жағдай жасалуда және әйелдерді жұмыспен қамту тетігі әзірленді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы халықтың табысын арттырудың маңыздылығын және мұның ұлттық жобаларда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге тікелей байланысты екенін атап өтті. Үкіметке аталған мәселелерді ерекше бақылауда ұстау тапсырылды. Президент азаматтардың табысын арттыру жұмыстары барлық орталық және жергілікті атқару органдары үшін басты міндет болуға тиіс деп санайды.

## Қазақстанда халық саны 27 миллионнан асуы мүмкін



«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Болжамдау департаментінің сарапшылары туу, өлім және көші-қон көрсеткіштерінің негізінде демографиялық болжам дайындады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Талдауға сәйкес, Қазақстан халқының саны 2030 жылға қарай 20,8 млн-нан 21,5 млн-ға дейін, ал 2050 жылға қарай 23,5 млн-нан 27,7 млн-ға дейін өсуі мүмкін.

«Бұл ретте, егер өлім мен туу көрсеткіштері 2021 жылғы деңгейде, ал сыртқы және өңіраралық көші-қон 2017-2021 жылдардағы орташа мәнде сақталса, Қазақстан халқының саны 2030 жылға қарай 20 млн 958 мың адамға, ал 2050 жылға қарай 27 млн 192 мың адамға дейін

жетеді», деді Еңбек ресурстарын дамыту орталығының директоры Дмитрий Шумков.

Ол ЕРДО таңдалған базалық жылға, туу деңгейіне, өлім-жітімге және көші-қонға байланысты әр өңір бойынша 27 негізгі болжамды атап өтті. Сондай-ақ халықтың санын осы негізгі көрсеткіштер шеңберінен тыс модельдеуге мүмкіндік беретін механизм жасалды, мысалы, туу көрсеткішін жоғарылату немесе өлімді белгілі бір пайызға

төмендету.

Оның мәліметінше, 2030 жылға қарай болжам бойынша халық саны Нұр-Сұлтан қаласында – 420 мың адамға немесе 33%-ға, 1,7 млн адамға дейін, Алматы қаласында 414 мың адамға немесе 20%-ға, 2 млн 466 мың адамға дейін, Шымкент қаласында 369 мың адамға немесе 32%-ға, 1,5 млн адамға дейін еседі.

Бұдан басқа, Түркістан облысында халық саны 207 мың адамға, Маңғыстау облысында 170 мың адамға, Алматы облысында 145 мың адамға ұлғаяды. Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстарында халық санының қысқаруы күтілуде.



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің кезекті есеп беру жиыны Қыземшек кенті мен Жуантөбе ауылында жалғасты. Жиынға аудан әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, бірқатар өндіріс басшылары, өкілдері қатысты. Кездесу барысында Мұхит Сексенбайұлы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді баяндады. «Қыземшек кентіндегі спорттық мәдени сауықтыру кешеніне жөндеу жұмыстарын жүргізу алдағы уақытта басталады. Мұнан бөлек,



## Нәтижелі іс-ынтымақ, бірліктің белгісі

үш көшеге асфальт төселеді. Аялдама салынып, екі көше жарықтандырылады. Балалар ойын алаңы салынады», - деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

Кент тұрғындары қысқы жылу маусымына дайындық барысы туралы сауал қойды. Тиісті мекеме тарапынан жылу қазандығына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылу маусымына дейін дайын болатынын айтты. Көпшілікті қуантқан тағы бір қуанышты жаңалық ҚР денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес, кенттегі дәрігерлік амбулатория, бастапқы санитарлық медициналық пункт болып ашылады. Жыл басынан құрылым өзгеріп, хирург акушер-гинеколог, стоматолог, мамандарымен қамтамасыз етілетіні назарға қойылды. \* \* \*

Жиын Жуантөбе ауыл округінде жалғасып, кездесу мәдениет үйінің алаңында өтті. «Елдің бірлігінен артық ештеңе жоқ. Сондықтан кез-келген мәселені осылай еркін, ашық әңгімелесіп шешуге болады», - деген аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков, аудан



көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келіп, Жуантөбеде жоспарланған жұмыстардың реттік орындалуын көпшілік назарына қойды. Сондай-ақ аудан басшысы Жуантөбе ауылында салынып жатқан әкімдік ғимараты мен жол құрылыстарын аралап, көріп шықты. Сонымен, Жуантөбе ауылдық округінде 2022 жылы атқарылатын және ел игілігіне берілетін жұмыстар легі:

1. Ауылдық округі әкімі аппараты бюджетінен Абылай хан көшесіне 4 921,0 мың теңгеге жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі. Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес ашық конкурс жарияланып, жеңімпаз анықталмауына байланысты ашық конкурс қайта жарияланып отыр.

2. Қазыбек би көшесіне 1 406,0 мың теңге қаржыға жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі. Конкурс құжаттары бекітіліп, мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурс ұйымдастырылуда.

Аудан әкімдігінің бөлімдері тарапынан; 1. Аудан әкімдігінің құрылыс бөлімі арқылы Жуантөбе ауылында әкімшілік ғимаратын салу үшін аудандық бюджет-

тен 78 739,0 мың теңге қаржы бөлінген. Жұмыстар былтыр жыл аяғында өтпелі болып басталып, қазіргі таңға құрылыс жұмыстары жүрде. Жоспар бойынша ағымдағы жылы, күз маусымында қолдануға берілмек.

2. «Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы Жуантөбе ауылындағы:

Әйтеке би көшесіне 1 шақырымға асфальт жол төсеу;

Қазыбек би көшесіне 2 шақырымға орташа жөндеу (қиыршақ тас);

Қожақ Омарұлы көшесіне 1,8 шақырымға орташа жөндеу (қиыршақ тас);

Әжібай Жақсыбайұлы көшесіне 1,3 шақырымға орташа жөндеу (қиыршақ тас) жұмыстары жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алу заңы бойынша жеңімпаз анықталған. Қазіргі таңда жұмыстар басталып, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Жиын соңында аудан басшысы ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдап, нақты жауап берді.

Ауыл ішін аралап көріп шыққанда байқағанымыз көше тазалық жұмыстары жақсы жолға қойылған екен. Жеке адамдар заманауи үлгіде жаңа тұрғын үйлер көтерген, жеке кәсіп иелерінің жұмыстары жанданған, дүкендер саны артып, халыққа қажетті азық-түліктер жеткілікті екеніне көз жеткіздік. Бұл да болса ауыл әкімінің, ауыл азаматтарының бірлігінің, іскерлігінің көрінісі болар.

Ауыл-елдің ынтымақ бірлігі жөнінде де айта кеткен жөн болар. Кейінгі он — онбес жылда мектеп бітіргендеріне 50-40-30-20-10 жыл болған тұлғалар басқосу мақсатымен туып өскен ауылына, оқыған мектебіне игілікті іс, ізетті естелік қалдыру сияқты бір жақсы тірлік ел ішінде дәстүрге айналған. Бұл өте қуанарлық әрі құптарлық дәстүр. Игілікті із. Адамдардың кеңдігі, туған ауылға, ұшқан алтын ыяға деген құрметін, сүйіспеншілігін білдіреді. Осындай керемет игілікті іс Жуантөбе ауылында да биылғы жылы көңіл серпіліп, көз тойарлық көрініс тапқан.

Сонымен мектеп бітіргендеріне 50 жыл толған тұлғалар Жуантөбе дәрігерлік амбулаториясына жалпы ұзындығы 150 метрді құрайтын жерге жаңадан шарбақ орнатқан. 40 жылдық мектеп біріуші тұлғалар орталықтағы «Ел бірлігі» монументін жаңартып, қайта жабдықтап берген. 30 жылдық мектеп бітіруші тұлғалар Жуантөбе ауылын көрші Қақпансор елді мекенімен жалғайтын және Шу өзені су арнасын Қоңыратарық елді мекеніне апаратын көпір салып берген. 20 жылдық мектеп бітіруші тұлғалар ауылдағы қажетті ішкі көшеге тас жол төсеп, жарықтандыру жүйесін жүргізіп берген. Мінеки елдің, ауыл тұрғындарының ауызбіршілігі, ынтымағы. Туған жерге деген құрметтері. Ауыл тұрғындарының ынтымақ бірлігі бұдан да ары жарасым тауып, елдің жағдайы жақсара берсін.

**Нұржамал МАЙУСОВА,**  
Аудандық мәслихаттың депутаты.

## Атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы міндеттер ашық айтылды

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жоспарға сәйкес Шу, Тасты ауыл округі тұрғындарымен кездесті. Ағымдағы жылдың алты айында атқарылған жұмыстар, алда тұрған міндет, жоспарлар бойынша жергілікті тұрғындар алдында есеп берген аудан басшысының халықпен кездесуіне аудандық мәслихаттың депутаттары, тиісті бөлім, мекеме басшылары, мамандары, өкілдері қатысты.

Айта кету керек аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков белгіленген кестеге сәйкес жыл басынан

ұсыныстарын жеткізді. Сауалдар бойынша тиісті бөлімдерге тапсырма берген аудан әкімі, артизан құдығын қазу үшін демеушілерге жүгінетінін айтты. Сондай-ақ, аудан басшысы тұрғындарды жеке мәселемен қабылдады.

Есептік жиыннан соң аудан басшысы тұрғындарды жеке өтініштері бойынша қабылдады. Сонымен қатар, Шу ауылының ішін аралап жөндеу жұмыстары жүріп жатқан орталық мешітке, ауыл ішіндегі жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жолдарды



бері бұл Шу өңіріне үшінші сапары. Кездесу ашық формата өтті. Аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмысты баяндаған Мұхит Сексенбайұлы, алдағы жоспарлармен бөлісті.

«Шу өңірі алыс болса да, біздің назарымыздан тыс қалмайды. Сіздер ұсынған мәселені заң аясында шешу үшін уақыт қажет. Жыл басынан бергі кездесуде бірнеше мәселені көтердіңіздер. Ретімен шешіліп келеді. Жергілікті тұрғындардың өтінішіне сәйкес Шу ауылының ішкі асфальт жолдарының жанынан мектепке дейін аяқ жол төселді. Мәдениет үйін жөндеу үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілді. Алдағы айда жөндеу жұмыстары басталады деп күтілуде. Ж.Қаламбаев мектебінің сыртқы корпусы, ішкі жағдайлары баршамаызға белгілі, бұл мәселе бойынша бірқатар іс шаралар жүргізілді. Айта кетейік, білім ұялары облысқа қарағалы бері біраз жұмыстарға кедергілер болып жатқанын жоққа шығармаймыз. Облыс көлемінде тоғыз жүзден астам мектептер бар, барлығын бір жерден басқарып, бақылау облыс басшылығына да оңай емес, десек те облысқа аудандағы білім ұяларының материалдық техникалық базасы, күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстары, жаңа мектеп құрылыстары бойынша нақты жоспар, ұсыныс, анықтама бергенбіз, яғни алдағы уақытта білім саласы бойынша бірқатар жұмыстар қолға алынбақ. Ал Шу ауылындағы Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебіне жаңа оқу жылына дейін жөндеу жұмысын жүргізіп, ғимаратты әзірлейміз. Жедел жәрдем көлігі жақын арада шешілді. Жуантөбе-Шу-Тасты ауылын жалғастыратын облыстық жолдағы шұңқырларды жөндеу үшін тиісті басқарма тарапынан шаралар қабылданды-деді аудан басшысы.

Шу ауылының тұрғындары, бірнеше мәселе бойынша сауалдарын қойды. Мәселен, мүгедектікке байланысты қол арба алуға көмек сұрады. Сондай-ақ, артизан құдығы қазылса деген

көрді. Төселген аяқ жолдардың сапасының төмендігін назарға қойып, мердігермен байланысып кем кетігін қайта жөндеуді қадағалауды тиісті бөлімге тапсырды. \* \* \*

Тасты ауыл округінің тұрғындарымен кездесу барысында, аудан басшысы аудан көлемінде атқарылған жұмыстарды баяндай келіп, алдағы тұрған міндет мақсаттарға да тоқталып өтті. Алдыңғы кездесулерде жергілікті тұрғындар тарапынан айтылған өтініш, ұсыныс бойынша Тасты, Шу, Жуантөбе ауылдарына орталықпен байланыстыратын жедел жәрдем автокөлігін жергілікті халыққа тапсырды. Бұдан кейін жедел жәрдем автокөлігі Тасты ауылындағы емханада тұратын болады. Үш ауыл бойынша кез келген шұғыл шақыруға дайын. Тұрғындар тарапынан, тұрғын үйге мақсатталған жерде дүкенін ашқан жеке азамат, оның құжаттарын рәсімдеу мәселесіне қиындық туып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, тұрғындар тарапынан мал ауруын ершіп тұрғанын айтып, оның алдын алу үшін тиісті шара қабылдауды сұранды. Мұхит Сексенбайұлы аудандық «Ветеринариялық қызмет» МКК басшысы Ержан Барбановқа, мал ауруын анықтап, тиісті шара қабылдауды тапсырды. Жалпы, Биыл Тасты ауыл округімен Қылти елді мекенін байланыстыратын жол жөндеуден өтеді. Сондай-ақ орталық көше жарықтандырылатынын баяндады. Есептік жиыннан соң тұрғындарды жеке қабылдады. Тұрғындар жұмыспен қамту, мал басын сығалау мәселесі бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Шу, Тасты ауыл тұрғындарымен болған кездесуде барлық ұсыныс, пікір, жоспар, ашық айтылып, ортада талқыланды. Ауыл қариялары аудан басшысына алғыстарын айтып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар жаңа жеңіл жедел автокөлігінің ауылдарына келгеніне ризашылықтарын жасырмады.

## AMANAT:



## Қабылдауға келген тұрғындардың мәселелері оң шешілді

Аудандық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы фракция мүшесі Нұрланов Базарбай Нұрланұлы және Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Байзақов Дулат Есалыұлы аудан тұрғындарын арыз-шағымдар мен өтініштер бойынша қабылдады. Қабылдауға келген аудан тұрғындарының жеке-жеке сауалдарын тыңдап, көкейдегі мәселелерін оң шешілуіне көмек көрсетті. Атап айтар болсақ, Жартытөбе ауыл округінің тұрғыны, «Алтын алқа» иегері Б.Жамал қазіргі таңда Жартытөбе ауыл округінде ақылы қоғамдық жұмыста жүргенін айта келе, ірі-қара малды бордақылау бойынша «қайтарымсыз грант» алуға конкурсқа қатысу ережелері бойынша заңдылықтарын сұрады. Өтініш иесінің мәселесі бойынша аудандық мәслихат депутаты заңнамада көрсетілген ережелер бойынша түсіндірді.

Аталған азаматша Жартытөбе ауыл округінің қиылысында орналасқан көшеге асфальт төсеу жұмыста-

ры (100 метр автомобиль жолы) қашан жүргізілетінін сұрады. Оған аудандық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында алдағы 2-3 жыл көлемінде Жартытөбе ауыл округінің көшелеріне толық асфальт жол төселетіндігін атап өтті.

Шолақорған ауыл округінің тұрғыны Г.Бейсенбаева отбасылық әлеуметтік жағдайын ескеріп ұлы Е.Өмірқұлға мамандық талап етпейтін жұмысқа орналасуға ықпал етуді сұраған болатын. Аудандық мәслихат депутаты азаматшаның ұлын «Нұрлан ата» құрылыс дүкеніне жұмысқа орналастыра сұрады. Жалғыз басты ана келісімін беріп, қосымша өзінің жалғыз басты ана ретінде тұрғын үй кезегіне тұруға ықпал етуді сұрады. Бөлім басшысы азаматшаға ҚР Тұрғын үй кезегіне тұру заңдылықтарын және үй кезегінде тұрып пәтер жалдап тұрған азаматтарға үкімет тарапынан берілетін субсидия бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, бөлім басшысы азаматшаның жағдайын ескеріп қажетті құжаттарды рәсімдеуге өзі жәрдемдесетінін атап өтті.

## Баға тұрақтылығына сараптама жүргізілді



Аптаның бейсенбісі күні «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанынан құрылған аудан бойынша азық-түлік тауарларының бағаларына сараптама жүргізу жөніндегі мониторингтік топ мүшелері «Арай», «Іңкәр», «Қайсар», «Айша» сауда орталықтарында болып, аудан тұрғындарына қажетті азық-түлік пен тағы басқа да қажетті өнімдері бағасының тұрақтылығына сараптама жұмыстарын жүргізді.

Сараптама барысында сауда орындарындағы халыққа қажетті өнімдер толық екендігі анықталды. Бағаларды негізсіз көтерген кәсіпкерлер жауапкершілікке тартылатыны жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Алдағы уақытта аудан аумағындағы сауда орындары және базарларындағы тауарлардың бағасына мониторинг және талдау жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырады.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Қоғамдық кеңесте

# Жемқорлықтың алдын алу-басты бағытымыз

Өткен аптаның бейсенбісі күні аудандық ардагерлер кеңесінің кіші мәжіліс залында Созақ аудандық қоғамдық кеңестің жанынан құрылған «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» бойынша комиссия отырысы өтті. Кеңес жұмысын аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Жексенбайұлы Сапаров жүргізіп отырды. Отырыс барысында Шолақорған ауылдық округі әкімі Ә.Елібаевтың, Таукент кенті әкімінің міндетін атқарушы М.Ибраевтың және аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің бас маманы А.Исаеваның 2022 жылдың 6 айында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Тыңдау барысында біршама ұсыныс-пікірлер айтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы аясында жоғарыда айтқанымыздай Шолақорған ауыл әкімдігі, Таукент кенті, Созақ ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалды. Аталмыш құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған.

Созақ ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия құрылып, ережесі бекітілген. 05.05.2022 жылы аталған комиссияның құрамы мен мүшелігіне аудан әкімдігінің қаулысымен өзгерістер енгізіліп, 18.05.2022 жылы мәслихат сессиясында бекітілді.

Созақ ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның 2022 жылға арналған іс-шара жоспары бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудан азаматтарының мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында арнайы ақпараттық жадынамалар ауылдық округтері мен кенттеріндегі адамдар көп жиналатын орындарға, орталық көшелерге және т.б. орындарға, 24 баннерлер ілінген. «Созақ үні» газетіне түрлі тақырыптарда 38 мақалалар және ауылдық округтерімен кенттерінің сенімді телефондары жарияланып отыр.

Сонымен қатар, Жастар ресурстық орталығының ұйымдастырумен Таукент



кент әкімі аппараты мәжіліс залында 25 жас мамандар және әртүрлі мамандардың қатысуымен жиын өткен.

«Сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында 27 жас тұлғалардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

Жастардың бойында адальдық парасаттылық құндылықтарды қалыптастыру үшін мекеме жастары арасында кіші футболдан жарыс өтіп, ол жарысқа 30-дан астам жастар қамтылған.

Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын насихаттау мақсатында 10 ауылдық округтері мен 2 кенттер әкімдігінде 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын ауыл тұрғындарының арасында кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп әлеуметтік желіге, яғни фейсбукқа жарияланған.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және мемлекеттік мекемелердің ашықтығын қалыптастыру мақсатында 2021 жылы ауданда 10 ауылдық округтері мен 2 кенттері әкімшіліктерінде «Сервистік аймақ» (Service zone) жобасы енгізілді. Сервистік аймақтарында (Service zone) тұрғындар үшін баршаға қолжетімді тегін (Wi-Fi) мен стационарлы телефон орнатылып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді еркін алу үшін компьютер мен принтер қойылған. Қазіргі таңда жұмыс істеп тұр.

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасарының тапсырмасымен Созақ ауданы әкімдігінің ғимаратында 2021 жылдың сәуір айында «Адал көмек» бұрыштары ашылып, келген азаматтарға құқықтық кеңес берілуде.

Қазіргі таңда осы 2022

жылдың 13 шілде айынан бастап «Адал көмек» бағытында ар аптаның сәрсенбі күні кесте түзіліп, фейсбукқа жарияланып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша, яғни түрлі салаға байланысты аудан көлемі бойынша халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылуда. Бұл іс-шара қыркүйек айының соңына дейін жалғасады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2022 жылға арнап комиссия жанынан құрылған жұмысшы тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды аудан әкімінің өкімімен бекітілген кестеге сәйкес ауылдық округтері мен кенттер әкімдігіне, дербес бөлімдерге, ай сайын жүргізіп отыр.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында нормативтік құқықтық актілерінен, яғни бөлім басшысымен қабылданған бұйрықтар мен әкімнің құқықтық актілерін заң талабына сай тексеріліп, анықтама түзілуде.

Қоғамдық кеңес отырысында өз тараптары бойынша қоғамдық кеңес төрағасы Мұрат Сапаров, мүшелері Ролан Әлжанов, Төлепберген Бекқұлиев, Батырхан Аяпов, Сержан Бегманұлы белсенділік танытты.

Атқарылып жатқан жұмыстар барысында мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық белгілері, құқық бұзушылықтар, мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар, Әдеп кодексінің талаптарын бұзу фактілері орын алмаған. Міне, осы жайлар қоғамдық кеңесте тағы бір сараланып, алдағы күндерге айқын бағыттар мен байыпты шараларды қолға алу міндеті межеленді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

# ЕЛМЕН ЕТЕНЕ БОЛУ-ЕЛДІККЕ БАСТАР ЕЛЕУЛІ ЖОЛ

**Жергілікті баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде байқағанымыздай құқық қорғау органдары тарапынан атқарылып жатқан, кейбір түйінді де ауқымды мәселелерді түбегейлі шешу жолдары жайлы прокуратура органы көптеген игі істерге бастамалық танытып келеді. Осы орайда аудандық прокуратура саласындағы келелі істер турасында аудан прокуроры ЕржанБазарбекұлы Қожабековпен сұхбаттасып, көпшіліктің көкейінде жүрген сауалдарға жауап табуға тырыстық.**



**-Ержан Базарбекұлы, кезекті сұхбаттасу уақыты келген екен, тәуекел деп, әңгімемізді бастасақ. Сіз осы қызметке келгеніңізге бір жылдан асты. Біздің ауданда 2014-2018 жылдары аралығында прокурор болғансыз. Сол себепті бірінші сұрақ туындайды. Қайтып оралуға не себеп болды және сол аралықта ауданда нендей өзгерістерді байқадыңыз?**

-Рахмет, расында да 25 жыл көлемінде 10-ға жуық аумақтарда жұмыс жасадым, тек прокуратура саласында еңбек еттім.

Ал Созақ ауданына келсек, бұйрық солай болды. Бір ауданға екі рет тағайындалдым, қуаныштымын. Жергілікті халық, әріптестер жақсы қабылдады, жұмысыма кедергі жасамады. Керісінше көмегін аямай, ақыл кеңесін беруде. Осының негізінде, қоян-қолтық жұмыстың арқасында, жиған тәжірибені пайдаланып, қылмыспен күресу болсын, құқық бұзушылықтың алдын алу болсын, заңдылықты орнату барысында орнықты жұмыс жасаудамыз.

Әрине, уақыт өзгерістер әкеледі. Қуантатын жағдай, халық саны көбейген, мал шаруашылығы дамып, ауылдарға жол салынып, елдің еңсесі көтерілген екен. Көзге көрінгені, Шолаққорған ауылы айтарлықтай өсіп, жақсы, көрнекті үйлер салынғаны байқалады.

Дегенмен де құқық қорғау саласында проблемалар жоқ емес, бар.

Өзіңізге белгілі, Президент ел экономикасының көтерілуі мен дамуында негізгі роль кәсіпкерлік субъектілерінде екендігін көрсетіп, оларға барынша қолайлы жағдайлар тудыру қажеттігін атап өтіп 01.01.2020 - 01.01.2023 жылдар аралығында кәсіпкерлік субъектілерін тексеру бойынша мораторий жариялады. Және жыл сайынғы халыққа жолдауында уәкілетті мемлекеттік және құқық қорғау органдарына кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау басты бағыт екендігін, оларға қатысты барынша қолайлы жағдай жасау арқылы одан әрі дамыту бойынша негізделген ұсыныстар әзірлеу керектігін көрсетуде.

Осыған байланысты жергілікті мемлекеттік органдармен кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысына негізсіз араласу, оларға қолдан кедергі жасау арқылы құжаттарын созбалаңдыққа салу, қызметінде артық талаптар қою және өзге де заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу бағытында тұрақты түрде мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

Нәтижесінде уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметінде заң бұзушылықтар орын алуынан, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзылуына жол беретіні анықталды.

Атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің қолданылуына байланысты жүргізілген талдау жұмыстары барысында, салық органдарымен 11 кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты сырттай әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылғаны анықталып, оларды жою мақсатында әкімшілік хаттамаларға қатысты наразылық енгізілді.

Кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Біз халықпен етене араласып, ауылды жерлер мен елді мекендерге барып халықтың ішінде болып олардың талаптары мен өтініштерін қарауды күн тәртібінен түсірген емеспіз. Мал ұрлығының өршуі халықты аландаттыны анық. Жергілікті халық мал шаруашылығымен айналысады және ол басты кәсіптің бірі болып саналады.

Ауданымыз малды аудан, жері ұлан ғайыр шексіз де шетсіз, бұл дегеніміз ұрылар үшін өте қолайлы аймақ. Ұрлықты тек полиция қызметкерлерінің арқасында тоқтату мүмкін емес, тосқауыл бола алмайды.

Сол себепті де, осы саладағы жұмысты полиция бөліміне артып қоймай әрбір адам өз малына ие болып, жоғалмау жағын қарастыру қажет. Полиция қызметкері жеке азаматтардың малына қарайтын бақташысы, жеке меншік қарауылы емес. Сондықтан әркім малының қордан шыққан сәтінен бастап, кешкісін қорасына қайта оралуына дейінгі шаруаларға жауаптылық танытуы керек. Ал аяқты малы болса онда арнайы көлікпен жіті бақылауда ұстау керектігін тағы да ескертемін.

Мен кезінде кеңес заманында мемлекеттің малын баққан адаммын. Қойшының салақтығынан бір бас малы жоғалса қойшы қылмыстық жауапкершілікке тартылу мүмкін еді. Содан соң шығар, малды жоғалтпай, емдетпей, шығынсыз төлдетіп, мемлекеттің қазынасына өткізетінбіз.

**-Ереке, ауданда қылмыстық жағдай қалай, проблемаларды түзіп, шешілетін жолдары туралы айтсаңыз?**

-2021 жылы жалпы қылмыс саны төмендеуіне қарамастан, мал ұрлығы 33,3%, денсаулыққа қасақана ауыр дәрежеде зиян келтіру 100%, ал алаяқтық 244% өскен.

Ал биылғы 5 айда орын қылмыс оқиғалары былтырғы жылдың 5 айымен салыстырғанда 52,5% өскен, оның ішінде аса ауыр қылмыстар 100%, ауыр қылмыстар 81,8%, ауырлығы орташа қылмыстар 29,5% өскен. Бұл жақсы көрсеткіш емес. Қылмыстың алды алу профилактика жұмыстары толық жүргізілмегенінің белгісі. Жергілікті полиция қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғыртық, немқұрайлылық танытқаны анықталды.

Өкінішке орай, сақшылар қатарында сотты болғандар жоқ емес. Бұл дегеніміз, кадр, тәрбие, ведомствалық бақылау жұмыстары формальді жүргізілгені болып саналады. Осының негізінде аудандық полиция бөлімінің басшы құрамы толық ауыстырылды. Жаңадан келген басшы құрам, көрсетілген қателіктерді қайталамай, кемшіліктерге жол бермей, тиісті шара көреді деген сенімдеміз.

Айтарым, тек полиция қызметкер-

лерінің арқасында қылмыс пен күресеміз деген ұғым қате, күші жеткіліксіз. Ел болып, ауызбіршіліктің арқасында, тиісті шаралар көруіміз керек.

Орын алған қылмыстық жағдайдың себеп-салдары сараланып, нәтижесімен қажетті үйлестіру шаралары қабылдануда және орын алған заң бұзушылықтар бойынша прокурорлық актілер енгізілуде.

Мысалы, 30.07.2021- 08.04.22 жылдар аралығында жергілікті атқарушы орган тарапынан аудан аумағында құқық бұзушылықтың алдын алу, профилактика мәселесіне қатысты атқарылған іс-шаралары талданып, нәтижесінде аудан әкіміне ұсыныс енгізілген.

Сонымен қатар, өздеріңізге белгілі болар, қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру электронды форматта жүргізіліп, сотқа электронды түрде жолдануы қамтамасыз етілуде.

Құқық қорғау органдары мен сот арасында қылмыстық процесті тиімді, әрі ашық жария ету мақсатында «Үш буынды модель» жобасы жүргізілуде.

Жобаның басты мәні модернизация, соның ішінде құқық қорғау саласын жаңғырту, полиция, прокурор және сот өкілеттіктерін нақты айқындау болып саналады.

**-Осы үш тармақты жоба бойынша**



**жұмыс жасау ретін түсіндірсеңіз?**

-Әрине, бұл жұмысты халыққа түсіндіру менің басты міндетім, ол туралы тапсырма да бар. Полиция қылмыстарды анықтаумен, ашумен және дәлелдер жинаумен айналысып, қылмыспен кінәні дәлелдегеннен кейін істі прокурорға жолдайды. Прокурор өз кезегінде, объективті түрде қарап, жинақталған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беріп, баптың дұрыс қолданылғанын тексеріп, азаматтардың қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылуына жол бермеуін қарап, сотта мемлекеттік айыптауды қолдайды. Сот - түпкілікті шешім қабылдай отырып, үкім шығарады. Бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың өзіндік фильтрі және кепілдіктері болып табылады.

Яғни, аталған модельдің тиімділігімен қылмыстық процеске қатысу-

шы тұлғалардың құқықтарының мүлтіксіз сақталуының кепілі ол прокуратура органдарымен қылмыстық қудалау органдарымен қабылданатын негізгі процессуалдық шешімдерді бекітеді. Атап айтқанда, прокурордың келісімінсіз қылмыстық қудалау органдарымен қылмыстық іс бойынша күдікті деп тану, күдіктінің іс әрекетін саралау, қайта саралау, тоқтату, тергеп-тексеру мерзімін ұзу туралы шешімдер қабылданбайды.

Бұл өз кезегінде қылмыстық істердің тиімді әрі созбалаңдыққа салынбай аяқталуына өз септігін тигізеді. Бұдан өзге үш буынды модельдің ашық көрінісі ол қылмыстық істердің барлығы электронды форматта тергелуін айтуға болады. Аудан прокуратурасымен қылмысты қудалау органдарымен әрбір қылмыстық істер бойынша күнделікті атқарылып жатқан жұмыстар мен қабылданып жатқан шешімдерге мониторинг жүргізу мүмкіндік беруде. Бүгінгі күні аудан аумағында аталған модель қолданысқа енгізілген екі жылдан астам уақыт ішінде аудандық сотпен қылмыстық істерді ақтау, тергеу жүргізу үшін кері қайтару заң бұзушылықтарды жою туралы жеке қаулылар қабылданбаған және сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары бұзылмаған.

**-Әңгімені қорытындылай келе, ауданда нақты қандай мәселелер ұзақ жылдар шешімі табылмай жатыр, халық тарапынан қандай сұрақтар көбірек қойылуда? Оның түпкі мәніне тоқталып өтсеңіз?**

-Қадағалау аумақтағы тұрғылықты халықтың мұқиятты анықтау мен оларды мазалап жүрген өзекті мәселелер кешенін жинақтау мақсатында жиі елді мекендерге шығу арқылы кездесулер өткізіліп, оларда айтылған мәселелердің шешілуіне ықпал жасалуда.

Мысалға алғанда, елді мекендердегі ұзақ жылдан бері пайдаланусыз жатқан жайылым жерлерді мемлекетке қайтару арқылы, оларды шын мәнінде қажет шаруа иелеріне табыстау мәселесін барлық дерлік ауылдық округ тұрғындарымен кездесулерде ашық мінберлерде талдап отырдық. Осы мәселеде халыққа оның тиімді шешу жолдарын жергілікті әкімдер түсіндіріп отырады.

Осы мәселе бойынша аудан прокуратурасымен жергілікті атқарушы органның жер қатынасы саласында атқарылған жұмысына зерделеу жүргізіп, ауданның 161 жер пайдаланушы агроқұрылымдардың жалпы көлемі 68 264,38 гектар жер учаскелеріне пайдаланбай жатқаны анықталып, олардың мемлекетке қайтару бағытында прокурорлық ықпал ету актісі ұсыну енгізіліп, қазіргі таңда аталған жерлердің 4 мыңнан астамы жер учаскелері мемлекет мүддесіне қайтарылса, 15 мың га. жер учаскелері иелерімен қайта игеру жұмыстарына көшкен, қалған жер учаскелері бойынша мемлекетке қайтару бағытында жергілікті атқарушы органмен жұмыстар жүргізілуде. Аудан жұртшылығына айтар тағы бір ескертпем бар. Ол қалта телефоны арқылы жасалатын алаяқтық. Телефон арқылы саудаласу, мысалы сіздің телефоныңызға әлдекім хабарласып «Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан хабарласып тұрмыз. Сіз «көлікті» болдыңыз, «пәтерлі» болдыңыз. Құтты болсын. Тек азын-аулақ қаржы жетпей тұр. Сол ақшаны пәлен сағат ішінде аударып жіберіңіз. Немесе «сіз шет елге демалу үшін жолдама ұтып алдыңыз» деген сөздермен наандырып, ақшаңызды үптеп көтеді. Бұл мәселеде қазіргі таңда көптеп белең алуда. Сақ болсаң, сақтаймын» демекші, әркім өз-өзіне, өз қаржысы мен дүниесіне өздері ие болулары керек.

**-Әрине бір сұхбатпен барлық мәселенің басын ашу мүмкін емес. Уақытта тығыз. Құдай қаласа, алғы кезде талай пікірлесерміз. Сұхбат беруге келіскеніңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан: Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**





# Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау және жаңа бірыңғай ақпараттық жүйе

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдау мемлекет тарапынан тұрақты жүргізіліп келе жатқан және ұдайы жетілдіріліп келе жатқан шаралардың бірі. Мал асылдандыру жұмыстарын нақтылы бағыттармен жүргізу мал өнімділігін көтерудің кепілі.

Республика көлемінде, оның ішінде ауданымызда «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары аясында бірқатар нәтижелі шаралар іске асырылып келеді.

Жергілікті мал тұқымын асылдандыру мақсатында республика көлеміндегі арнайы мемлекеттік аттестациядан өткен асыл тұқымды мал өсіруші шаруашылықтардан асыл тұқымды аталықтарды сатып әкеліп жергілікті жерлердегі шаруалардың жеке меншігіндегі тұқымға жатпайтын аналық мал басын тұқымдық түрлендіруге тарту жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау жыл сайын шығарылып немесе өзгерістер енгізіліп отыратын ҚР ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітіліп отыратын «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары» талаптарына сәйкес іске асырылып отырады.

Бүгінгі таңда асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау шаралары «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 13 шілдедегі № 207 бұйрығына сәйкес жүргізіліп отыр.

Аудандағы асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысуды кәсіп еткен шаруаларға 2021 жылы мемлекет тарапынан асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау мақсатында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан берген өтінімдеріне сәйкес 121,6 млн теңге көлемінде субсидия төленген.

Жүргізілген мал асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде аудандағы асыл тұқымды мал саны жыл санап өсіп келеді.

Аудандағы жыл басында тіркелген барлық 200785 бас қойдың 20846

басы (10,4%) асыл тұқымды қойлар. Оның ішінде асыл тұқымды 12468 бас қаракөл, 6771 бас қазақтың құйрықты қылшық жүнді, 245 бас Ордабасы, 41 бас Еділбай, 20 бас Сарыарқа типті құйрықты қылшық жүнді қойлар мал асылдандыруда пайдаланылуда. Асыл тұқымды қой саны былтырғы жылмен салыстырғанда 7045 басқа немесе 18% өсті.

Селекциялық асылдандыру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 2019 жылы «Құрманғазы» ш/қ, 2020 жылы «Қызылқанат» ш/қ, «Ұлықбек» ш/қ, 2021 жылы «Ғабит» ш/қ қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойларын өсіруші асыл тұқымды қой шаруашылығы мәртебесін алды.

Сонымен қатар ауданда сүтті бағыттағы 40 бас (оның 34 бас қара ала, 2 бас голштин фриз, 4 бас ала-тау) және етті бағыттағы 640 бас (оның ішінде абердин ангус 117 бас, герфорд 5 бас, әуликөл 133 бас, қазақы ақбас 119 бас, Калмык 266 бас) барлығы 680 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қара мал тіркелген. Бұл жалпы аудандағы 37123 бас мүйізді ірі қара малдың 1,8% құрайды және былтырғы жылмен салыстырғанда 227 басқа немесе 150,1% өсті.

Жылқы, түйе малдарын асылдандыру ісіне де біршама маңыз беріліп келеді.

Аудандағы 24684 бас жылқының 449 басы (1,8%), 13452 бас түйенің 2051 басы (15,2%) асыл тұқымды малдар.

Мүйізді ірі қара малдың әуликөл тұқымы бойынша 3 (Тасты а/оқр «Маметханов» ш/қ, «Айбар» ш/қ, Шолаққорған а/оқр «Қайсар» ш/қ), қазақы ақбас тұқымы бойынша 2 (Қарағұр ауылдық округі бойынша «Сенім» шаруа қожалығы, Созақ ауылдық округі бойынша «Sozaq-et» шаруа қожалығы, Абердин ангус тұқымы бойынша 2 (Созақ а/оқр «Текей», Жартытөбе а/оқр «Бибарыс» шаруа қожалығы), қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойлары бойынша 4 (Қарағұр а/оқр «Сенім» шаруа қожалығы, «Бірлік» шаруа қожалығы, Шолаққорған а/оқр «Әдіш» шаруа қожалығы, «Жартытөбе» «Құрманәлі» шаруа қожалығы), Ордабасы қойлары бойынша 2 (Созақ а/оқр «Аңсар» ш/қ, Жартытөбе а/оқр ЖК «Сапарбаев Р.Ұ»), барлығы 12 шаруашылық пен басқа да ниет білдірген бірқатар шаруашылықтарда мал асылдандыру

жұмыстары біршама нәтижелілікпен жүргізіліп келеді. Жалпы мал тұқымын асылдандыруға ниет білдірген шаруашылықтар асыл тұқымды мал өсіруде «Оңтүстік Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС ғалымдары мен республикалық палаталардың жауапты өкілдерінің кеңесі және нақтылы көмегін алып отырады.

Бұған дейін республика көлемінде асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауда бірқатар кемшіліктерге жол берілгендігіне байланысты келешекте бұл саладағы сыбайластықтың алдын алу мен субсидияны мақсатсыз пайдалануға жол бермеу мақсатында 2021 жылдың соңынан бастап ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің тарапынан субсидиялаудың жаңа ақпараттық жүйесін іске қосу жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Ведомства басшысы Ербол Қарашукеев бұл жүйе субсидияны бөлу мен беруде сыбайластық әрекеттерді барынша азайтуға мүмкіндік береді деп есептейтіндігі жөнінде хабарлады.

Сондай-ақ бұл жүйе фермерлер мен жалпы мемлекет үшін оң әсерін беретін болады.

Біріншіден, бұл жүйеде агро-өнеркәсіп кешенін субсидиялау бойынша барлық мемлекеттік қызметтер электронды форматта көрсетіледі.

Екіншіден, фермерлер үшін субсидиялау қызметтері тегін болмақ, яғни қосымша ақы алынбайды.

Мал шаруашылығы, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы, инвестсубсидиялау және де басқа бағыттар бойынша барлық мемлекеттік қызмет әртүрлі ақпараттық жүйелерде емес, бірыңғай жүйеде көрсетіледі.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушылардан (фермерлерден) субсидияларды алудың орындылығын растау үшін қосымша анықтамаларды талап ету қажеттілігі жойылады. Өйткені талап етілетін ақпарат интеграция арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады деп көзделіп отыр.

Қазіргі уақытта өтінім берілген сәттен бастап субсидия төленгенге дейін субсидиялау бойынша көрсетілетін қызметтерді техникалық пысықтау аяқталған. Субсидиялардың барлық түрі бойынша автоматты есеп айырысуларды пысықтау жұмыстары аяқталуға жақындаған. Автоесептеу модулі өтінімді қабылдау кезеңінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес,

адами факторсыз тиесілі төлемді есептеуге мүмкіндік беретін болады.

Бюджет қаражатын неғұрлым тиімді жаратуды қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы министрінің субсидия алушылар үшін нақтылы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жаңа жүйеде келешекте бақыланып отыратын қосымша міндеттемелер енгізілуде.

Бұған қосымша субсидиялаудың цифрлық жүйесінде автоматтық режимде субсидия алушылардың реестрі қалыптастырылатын болады және олардың ОКЭД бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер категориясына сәйкестігі, субсидия алуға кезектіліктің сақталуы мен қанағаттанарлықсыз өтінімдер қатарына жатқызылғандардың күту парағы тексерілетіндігі мен субсидияны жосықсыз алушылар реестрі қалыптастырылатындығы жөнінде ескертпелер жасады.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінде жаңа жүйе іске қосылып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тіркеуге кірісті.

Қызмет алушылардың өтініші үшін бірыңғай 1475 қысқа номері ашылды. Сондай-ақ пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін Телеграммчат h. құрылды.

Субсидиялаудың неғұрлым тиімді тетіктерін іске асыру үшін Агро-өнеркәсіп кешенін мемлекеттік субсидиялаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі өндірістік қуатқа шығару жөніндегі жұмыс көрсетілетін қызметті берушілермен (әкімдіктер) және көрсетілетін қызметті алушылармен (фермерлер) тығыз байланыста жалғасатын болады.

Жаңа жүйе толықтай іске қосылғанға дейін осы уақытқа дейін пайдаланылып келген нормативтік құқықтық актілермен негізделген асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары қолданыста болады.

Осыған байланысты ауданда ауыл шаруашылығы малдарын өсіріп отырған шаруаларға өнімділігі жоғары ауданның табиғи жағдайына бейімделіп жерсіне алатын асыл тұқымды мал өсіруді одан әрі дамыту мен жаңа жүйе мүмкіндіктерін пайдалануды үйрену маңыздылығына назар аударуды сұраймыз.

**Қ.СҰЛТАНҒАЗИЕВ,**  
Созақ ауданы әкімдігі  
кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары.

Сиыр жылы шығып, Барыс жылы кіретін шақта «Барыс жылы- табыс жылы болғай» деген тақырыпта мақала жазғаным бар еді. Содан, «жақсы сөз- жарым ырыс» деп, биылғы Барыс жылы шынымен де ырысты жыл боп басталды. Әйтпесе, былтырғы сиыр жылы еліміздің қайсыбір облыс, аудандарында қуаңшылық орын алып, нәтижесінде, көкөніс пен бақша өнімдері және жем- шөптің бағасы едәуір қымбаттап кеткен болатын. Сөйтіп, ауыл тұрғындары мен шаруақожалықтардың иелері төрт түлік малдарының біршамасын сатуға мәжбүр болған еді. Есесіне, мал арзандағанмен ет қымбаттап етсіз ас ішпейтін ауыл халқына әжептәуір қиын болды. Дегенмен, «Әрбір қиындықтың артынан бір жеңілдігі бар» деп, Барыс жылы шынымен ырыс жылы боп басталды. Олай дейтінім, қыс шығып, көктем кіре салысымен көл-көсір жауын жауып, облыс аумағы, оның ішінде ауданымыз көкөрай



дық та, әуелі, жаппай суретке түстік, бейне түсірілім жасадық. Кейін барып, осы бір сырттай қараған адамға телегей теңізде көрінетін егін алқабының иесі, «Бабата-1» ЖШС-нің төрайымы Сәуле апайымызды әңгімеге тарттық. Кейіпкеріміздің айтуынша, егін алқабының көлемі 150 гектарды құрайды екен. Бидай орағының басталғанына бүгінмен үш күн болады екен. Сәуле апайдан егіліп, орылып жатқан бидайдың сорты және шығымы жайлы сұрап едік «07» деп аталатын бидай сорты және шығымы төмендеу екенін мәлімдеді. Келесі жылы көршілес аудандардан сорты жақсы бидай тұқымын алуды жоспарлап отырғандықтарын айтты. Дегенмен, ауызды қу шөппен сұртуға де болмайды, бұйырса гектарынан 18 центнерден өнім аламыз деп отырмыз- деді. Сондай-ақ, орып, үйіне тасымалдап алып жатқан бидайдың келісін 130, тоннасын 130 мың теңгеден сатуды да жоспарлап отыр екен. Жалпы,

# Барыс жылы-ырыс жылы болды

шалғынға оранды. Әншейінде, араға жыл салып өнім беретін жеміс ағаштарының барлығы дерлік миуа беріп тұр. Бақша өнімдері де жақсы салды. Ал енді, төрт түлік малға азық болатын бидай мен арпа, мақсары мен жүгері, жоңышқа мен дала шөбі бұрын- соңды болмағандай бітік шықты. Оған өз көзіммен куә болдым. Бұл жайында газетіміздің өткен сандарының бірінде жазған да болатынмын. Жалпы, Жаратушы Иеміз көктен ендіріп, жерден өндірген молшылық жыл болды биыл. Дегенмен, «Құдайдан сұрағанның екі бүйірі, пендеден сұрағанның екі көзі шығады» демекші, өкіметтен азық-түліктің бағасын қымбаттатпай ұстап тұруды, егер мүмкін болса төмендетуді сұрап жүргенде өмірлік маңызы бар: ұн, қант, күріш, пісте май, көкөніс секілді т.б азық-түлік тауарларының бағасының күрт өсіп кетуі бұқара халықтың көзін шарасынан шығарып жіберердей дәрежеде қымбаттады. Бұқара иек артқан билік азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауарлардың бағасын тұрақтандыруда қазынадан қанша қаржы бөлсе де арынын ашқан қымбатшылықты ауыздықтауда дәрменсіздік танытып отыр. Бұл жайында 14 шілде күні өткен үкіметтің кеңейтілген отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы

біртіндеп емес, артпа-арт, тіпті, араласып келуіне куә болып жүрміз. Меніңше, осының барлығына себеп өзіміз. Әйтпесе, шүкірлер болсын Жаратқан беруінен танбай, не берсе де науадай құйып тұр ғой. Оған өздеріңіз де куәсіздер. Ал енді, бәріне өзіміз кінәліміз дегенге келер болсақ, қанттың бағасының қатты көтерілуі қолдан жасалып отырған қылық. Бір ғана мысал келтірейін, жуырда әулетімізде бір мусибат орын алып. Қазаға қаладан келген, ауылдағы үлкен бір азық-түлік дүкені бар қайнысына қажетті азық-түлік тауарларын алып беріп, жүк машинасын жөнелтіп жүрген бір ағам айтады: «Таяуда Шымқаладағы көтерме сауда базарларының бәрін аралап, қант-шекер таппадым. Содан, Қырғы базардағы көп қоймалардың иесі ауылдың баласы еді. Соңғы үмітім сонда болып барсам, ол да қант жоқтығын айтып, меселімді қайтарып тастады. Амалым таусылып, қойманың бір бұрышында су ішіп, демімді алып тұрғанмын, кенет, жер төленің (қойманың подвалы) есігі ашылып кетпесі бар ма? Ашылған есікке көзімді салсам, іші толған қант. Жиналған қаптардың көлеміне қарасам, бірнеше тонна шығады. Алдыма келген мұрсатты пайдаланбауымның өзі қиянат емес

әбден көтеріліп болсын деп, ұстап отыр едік. Сіздің өзіңізге ғана берейін, басқа ешкімге айта көрмеңізші!» деп жалынды.

Әне, ағайын! Бұрын ата-әжелеріміз айтып отырушы еді ғой: «малымды алсаң да, пейілімді алма» деп. Міне, біздің қазіргі жағдайымыз нақ сол ата-әжелеріміз әр намазынан соң Жаратқанына жалбарынып, пана сұраған пейіл тарлығы. Тәңіріміз ризық-несібемізді төгіп берсе де, пейілімізді алып қойып отыр ғой. Себебі, біздердің, пенделерінің шүкірі азайып, күпіріміз көбейіп кеткен. Әйтпесе, ұйықтасақ түсімізге кірмейтін ризыққа кенеліп отырмыз ғой биыл. Осы ретте, сөзім дәйекті болсын деп Теріскей төрі Жартытөбенің Жонына болған кезекті бір сапарым жайлы сіздерге әңгімелеп берейін. Тура осы тақырыпқа сай келетін сапарым сәрсенбі, шілденің 27 күні орын алған еді.

## Жонда жиын-терін басталды

Сонымен, жоғарыда айтқанымдай сәрсенбінің сәтті күні аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің маманы Ақберген Байбабаев және «Атамекен» КП-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің директоры Арман Анарбаев үшеуіміз Жартытөбенің Жонын бетке алып жолға шықтық. Сайраған жол, зулаған көлік әпсәтте-ақ дйттеген жерімізге жетіп бардық. Ал енді, дйттеген жеріміз «Бабата-1» ЖШС-не тиесілі егін алқабы болатын. Біздің баратынымыздан алдын-ала хабардар болса керек, ЖШС-тің төрайымы Қалдыбекова Сәуле апайымыз алдымыздан шығып күтіп алды. Амандық-саулық сұрасқан соң, бірден егістіктің басына барайық деп шештік. Себебі, сапарымыздың мақсаты басталғанына екі-үш күн болған бидай орағын көріп, тамашалау еді. Сапары алтындай жайқалып тұрған бидай алқабын, оған орақ салған комбайндардың қимылын бақылаушының да бір ерекше сезім екен. Олай дейтінім, қаз-қатар жүрген алып комбайндардың әрекеті үнемі қымбатшылық, жоқшылық жайлы ғана тарап жүрген ақпараттар ағынын көріп, естіп және оқып мезі болған біздер үшін тура бір тоқшылықтың жаршысындай көрінді. Қыр басындағы қарбалас жұмыс, қым-қуыт тіршілік қараған адамның өмірге деген құлшынысын, талпынысын арттырады екен. Кең байтақ далаға қарап, төсімізді кере тыныстап ал-

бидайды егу, ору және жинау кезінде қандай да бір қиыншылықтар болды ма? - деп те сұрадық. Бұл сауалымызға Сәуле апай: «Иә, бидайды орып, жинау кезінде екі түрлі қиындыққа тап болдық. Біріншісі, ауылымызда бидай оратын комбайн жоқ. Болса да әбден ескірген, шаруаның мұқтажын өтеп бере алмайды. Сол себепті де көршілес Бәйдібек ауданынан үш бірдей комбайн алдырып, гектары 15 мың теңгеден орғызып отырмыз. Осы ретте, мемлекеттен жәрдем болып, ауыл шаруашылығына қажетті техникаларды алуымызға жәрдемдессе». Екіншісі, қалай егін пісті солай өзіміздің Бабата ауылына қарасты тұрғындардың жылқылары алқапқа түсіп, айтарлықтай шығын беруде. Дәл қазір, қорада ондаған жылқы үш күннен бері қамауда тұр. Иелеріне телефон соқсам, аштан өлсе сіз жауап бересіз дейді. Әрине, аштан өлмейтіндей етіп, талғажау бірдеңе салып ұстап отырмын. Ақылы жоқ малдың жазығы да жоғын мен де жақсы білемін. Менің мақсатым, иелеріне кеткен шығынды төлету. Егер, кәдімгідей есептетіп, кеткен шығынды төлетер болсам, ауылдастарымның қалтасына әжептәуір салмақ боларын біліп отырмын. Сол себепті де қойшы, ауылдың адамдары деп әр жылқы басына 10 мың теңгеден төлеттіремін. Есесіне, келесі жолы малына ие болады. Осы тұста, өздеріңнен де өтініш, бұл жайлы да газетке, әлеуметтік желіге жазыңдаршы» деп өтініш жасады. Осы орайда, әңгімеге мен араласып: «Осы қаржы ұйымдары үнемі ауданымызға келіп, лизингке техника береміз деп жатушы еді ғой, солардан неге алмайсыздар? Әлде бағасы қымбат па?» деп сұрадым. Кейіпкерім: «Иә, лизингке техникалар беріп жатыр, тек бағасы кәдімгідей қымбат, сондықтан да жергілікті биліктен жәрдем сұрап отырмын» деп сөзін сабақтады. Мұны естіп тұрған «Атамекен» КП-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің директоры Арман Анарбаев кейіпкеріміздің лизингке техниканың жартысын субсидиялап алуға жәрдемдесемін деп уәде берді. Ал, ауыл шаруашылығы бөлімінің маманы Ақберген Аманәліұлы шілденің 29 күні ауданымызға қаржы ұйымдарының өкілдері келіп, осы лизингке техника алу жайлы сөз болатынын ескертті. Сонымен, Жонға болған сапарымыз соңына таяп, Сәуле апайымыздың еңбегіне табыс, береке тілеп, Шолаққорған қайдасың деп жолға шықтық.

Данияр БЕК.



ның өзі баса айтты. Тіпті, осы кезеңге дейін баға тұрақтылығын сақтай алмаған үкіметтің жұмысына Мемлекет басшысы 3 деген баға беріп, қайсыбір министрлерге сөгіс те жариялады. Бірақ бұл нені өзгертеді? Бұл қымбатшылық деген індет тек біздің елімізде ғана орын алып отырған жоқ, керісінше, бүкіл әлем елдерін жайлап отыр. Енді оған, дүние жүзі бойынша қайта өріс алып келе жатқан тәжіндетті қосыңыз. «Жұт жеті ағайын» деп, соңғы екі-үш жылда қиындық атаулының

пе, жалма-жан қойманың иесі болып келетін жерлесімнің алдына жүгіріп бардым дағы:

«Әй,пәленше! Сенің есің дұрыс па, менің кешеден бері шарқ ұрып шекер іздеп жүргенімді білесің. Қанша рет келсем де: «қант жоқ» деп қайтардың. Жаңа, байқаусызда көріп қалдым, қоймаң тола қант қой. Айтып қояйын, енді сол қанттан қажетімді алмай, тұрған жерімнен әсте қозғалмаймын» деп тұрып алдым. Содан әлгі жерлесім: «Бәке кешіріңізші, тек, бұл қантты баға

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Building Partners» ЖШС-нің қатысуымен «Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің талаптарына және «Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-ө бұйрығына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округінде төменгі радиоактивті қалдықтарды көму полигонының құрылысын салу бойынша қоршаған ортаны қорғау шаралар жоспарының жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Барлық мүдделі азаматтардың, қоғамдық, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, бірлестіктердің аталмыш қоғамдық тыңдауға қатысуын сұраймыз.

«Building Partners» ЖШС-нің қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарының жобасымен алдын ала танысу үшін келесі мекен жайға хабарласуды сұраймыз: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент поселкесі, тел.: + 7 777 111 59 88 немесе buildingpartners@mail.ru, электрондық пошта арқылы.

Қоғамдық тыңдауың өтетін орны, уақыты мен күні: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, н/з үй, Созақ ауданы әкімдігінің акт залында, 2022 жылдың 16 тамызында сағат 11.00-де.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Building Partners» проводит общественные слушания по проекту Оценка воздействия на окружающую среду на 2022г. Для Раздела «Оценка воздействия на окружающую среду» на «Строительство полигона для захоронения низкорadioактивных отходов, Сузакского района, с/о Сызған, Туркестанской области».

Общественные слушания состоятся 16 августа 2022 года в 11:00 часов по адресу: Туркестанская область, село Шолаққорған, ул. Жібек-жолы б/н, здания Акимата, (1 этаж, зал для конференций). В соответствии с приказом МООС РК от 7 мая 2007 года №135-п «Об утверждении Правил проведения общественных слушаний» и изменениями в приказе МООС РК от 26 марта 2013 года №50-Ө заинтересованную общественность приглашаем выразить свое мнение.

За дополнительной информацией обращайтесь по тел.: + 7 777 111 59 88, электронная почта buildingpartners@mail.ru.

## 2022 жылғы қаңтар-маусымға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2022 жылғы қаңтар-маусым		2022 жылғы қаңтар-маусым, 2021 жылғы қаңтар-маусыммен, %-бен
	2022 жылғы қаңтар-маусым	2021 жылғы қаңтар-маусыммен, %-бен	
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер <sup>1)</sup>			
Халық саны, адам (2022 жылғы 1 маусымға)	63 593	100,7	
Туылғандар, адам	581	97,3	
Өлгендер, адам	108	83,7	
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	501	75,1	
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	987	101,7	
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу			
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың I тоқсаны	17 951	102,2	
Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге 2022 жылдың I тоқсаны	390 213	147,2	
Ұлттық экономика			
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	20 528,3	119,0	
Сауда			
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	1 432 309	103,0	
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	263 934	101,5	
Экономиканың нақты секторы			
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	239 264 536	103,7	
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	7 103,2	100,6	
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	5 427,1	103,1	
Іске қосылған тұрғын үйлер, м <sup>2</sup>	12 204	101,0	
Қаржы жүйесі <sup>2)</sup>			
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	297 922,6	2,2 есе	
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	237 575,8	162,1	
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	112 289,0	197,7	

<sup>1)</sup> 2022 жылғы қаңтар-маусымдағы деректер

<sup>2)</sup> 2022 жылғы I-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

## Жарамсыз деп танылсын

Оспанов Ерлік Мұратұлының атына берілген көлік жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

## Жатқан жерің жайлы болсын анажан

Бабата ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл жан, аяулы әже, немерелерінің қамқоршысы болған Жүсіпова Қалия анамыздың дүниеден озғанына жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Асыл ана, бәйтерегің саялы,**

**Ұл-қызыңа, немереңе құшағың кім жаяды?! Сіз кеткенің жылдың жүзі болса да,**

**Маңдайдағы алақаның аялы.**

**Жатқан жерің жайлы болсын анажан,**

**Бұл өмірдің тұрлауы жоқ, баяны,** - деп, анамыз Қалия Жүсіпованың рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 13 тамыз күні (12 тамыз – қонақ асы) Бабата ауылындағы өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, келіндері мен немерелері.**



## Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...

Балдысу елді мекенінің тұрғыны, асыл бауыр, аяулы жан, отбасының сүйікті ұлы болған Нұрболұлы Әритайдың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Ардақты бауырымыздың нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік,**

**Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.**

**Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,**

**Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,** - деп, бауырымыз Әритай Нұрболұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас достарының есіне саламыз.

**Ас – 5 тамыз күні (4 тамыз – қонақ асы, сағат кешкі 19:00-де) Балдысу елді мекеніндегі өз шаңырағында, сағат күндізгі 11:00-де беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Амандықовтар әулеті.**

## Жүректесің мәңгі біздің көңілде...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, қимас бауыр, асыл жан, аяулы азамат болған Жарылқасынов Ержан Маратұлының дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Ардақты азаматтың нұрлы жүзі жадымыздан өшпек емес.

**Жүректесің мәңгі біздің көңілде,**

**Жас таусылды көзден біздің төгіле.**

**Жайлы болсын жатқан жерің бауырым,**

**Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде,**

- деп, азамат Ержан Маратұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас достарының есіне саламыз.

**Ас – 7 тамыз күні (6 тамыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі өз үйінде беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Елеусізовтер отбасы.**



## Оба ауруы дегеніміз не?

Оба ауруының алдын алу шаралары ағыммен сипатталатын жұқпалы ауру адамның лимфа түйіндеріне және ішкі ағзасына әсер етеді. Бұл өте жұқпалы ауру болып табылады. Обаның шығу себебі жұқпалы ауруды туғызушы Yersinia pestis бактериялары. Табиғатта бұл аурудың негізгі ошығы жабайы жануарлар. Инфекцияның негізгі таратушы көзі—егеу құйрықтар, нақтырақ айтқанда егеу құйрықтардағы бүргелер. Сонымен қатар, бұл ауруды тасымалдаушы бүргелер, кенелер, иттер мен үй мысықтары. Адамға инфекция ауа тамшыларымен, жөтелгенде, сөйлескенде жұғады. Бұл көбінесе өкпе обасына тән. Жұқпалы аурудың әсерінен адам өмірімен қош айтыса алады. Обаның белгілері аурудың басталуы жылдам ағыммен басталады. Дене қызуы тез көтеріліп, қалтырайды, бұлшық еттер мен буындарда қатты ауырсыну, бастың қатты ауыры, сегізкөз аймағында ауырсыну сезілуі, галлюцинация және сандырақтау, қан құсу, жалпы әлсіздік, ой және дене әрекеттерінің тежелуі, жүрек соғуының жоғарылауы мен қан қысымының төмендеуі.

Обаның алдын-алу шаралары инфекцияның табиғи ошақтарына жататын жерлерде осы аймақта тұратын халыққа вакцинация жүргізілуі керек. Оба профилактикасы мемлекеттік деңгейде жүргізілуі керек. Инфекция ошақтары болған кезде науқастарды оқшаулап, обаға қарсы арнайы іс-шаралар жүргізу қажет. Ауырып ем іздегенше ауырмаудың жолын іздейік.

**А.УТЕПОВ,**  
**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің бас маманы.**

## КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕГЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2022 жылғы 1 шілдедегі	2021 жылғы 1 шілдедегі
Барлығы	475	475
мемлекеттік	103	103
жеке	372	372
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8	8
шетелдік	-	-

Созақ АСБ

## ШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2022 жылдың 1 шілдесіне 3520 бірлікті құрады.

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде						
	ШОК заңды тұлғалары <sup>2)</sup>		дара кәсіпкерлер <sup>2)</sup>		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары		
2022 <sup>1)</sup>	2021	2022 <sup>1)</sup>	2021	2022 <sup>1)</sup>	2021		
3 520	2 870	279	234	2 146	1 658	1 095	978

<sup>1)</sup> Жедел деректер.

<sup>2)</sup> Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

## ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2022 жылғы қаңтар- маусымдағы халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ИЖА тобы	Бруцел лез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпалы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
19	6	-	335	-	-	41	3

ҚР ҰЗМ ТҚҰ ОҚО ТҚҰД деректері бойынша.

Созақ АСБ

## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2022 жылғы қаңтар-маусымдағы ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны\*

Тіркеген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық сипаттары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиындықтар
72	20	-	26	11	15

\*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ



## 5 тамыз-бірыңғай Республикалық медиация күні

Ел ішіндегі дауды реттеуге үлесін қосып жүрген медиаторлар қауымдастығы, Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Медиация институты – қоғамдық сананы жаңғыртудың маңызды элементтерінің бірі.

Қазақстан Республикасының медиация туралы заңы 2011-ші жылы қабылданып, күшіне енген. Бұл заңды қабылдауда басты мақсат ретінде, біріншіден, дауды шешудің медиацияға қатысушы екі тарапты да қанағаттандыратын жолына қол жеткізу, екіншіден, тараптар арасындағы дауды жағдайлардың деңгейін төмендету негізге алынған. «Медиация туралы» заңның қолданыла бастағанына биыл 11 жыл толып, қоғамда аталған институтты қолдануда белгілі бір тәжірибе қалыптасты деуге болады.

Медиация ғымы қазаққа әуелден жат емес. Ата-баларымыз ежелден-ақ, ел арасындағы дау-дамайды мәмілемен, өзара ымырашылдықпен шешкен. Ол заманда медиатор міндетін ақылман ақсақалдар мен данагөй қариялар атқарып, ел ішінің тұтастығы мен беріктігін сақтаған. Билер тәжірибесінен бастау алып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан медиация бүгінде заңдасты-

рылып, дауларды сотқа дейінгі сатыда, тіпті сотқа жүгінбестен қарауды көздейді.

Дала билігінің дара тұлғалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы көз келген дау-дамайды бітімгершілікпен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, жеріміздің тұтастығын сақтауға бар ақыл-ойы мен күш-жігерін жұмсағаны белгілі.

Бұрынғы заманда билер соты секілді құқықтық институт болғаны және қоғам өмірінде ерекше роль атқарғаны белгілі. Ал бүгінгі медиация соның жаңаланған түрі.

Бүгінгі бірлік мерекесі қарсаңында Сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Халқымыздың өзара татулығы, ынтымақ, бірлігі арта берсін!

Қазақта «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген ұлағатты ұғым бар. Ендеше елімізде бейбіт өмір сүріп жатқан әрбір отбасының татулығы артып, Қазақ елінің нығайып, өркендеуіне өз үлесімізді қоса берейік.

**Бақдәулет  
БУРАБАЙҰЛЫ,  
Созақ аудандық сотының  
мұрағат меңгерушісі.**



## Өндірісте өткен әсерлі мерекелік шара

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның құрылғанына 25 жыл толуына орай өндіріс орындарында түрлі мерекелік шаралар өткізілуде. Сондай енегелі де өрелі шараның бірі Калибеков Сәкен Казбекұлы басқаратын «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін айтар едік. «Қаратау» ЖШС-нің Бас директоры Калибеков Сәкен Казбекұлы, Әлеу-

лалы аналары, ауыл азаматтары Жансұлу Қуанышбаева, Күндей Омарова, Балдай Темірәлиева, Сәтемкул Мұқашева, Сапия Жүсіпбекова, Сейсенкул Жүсіпбекова, Тұрсынбай Мұқашов, Спандияр Арынов, Совет Тұрсынбаев, Набира Иманова, Оразхан Ермахан сияқты азаматтар қонақ ретінде қатысып, серіктестік әзірлеген мере-

сымыз шексіз. Осы өндіріс орындарында біріміздің ұлымыз, біріміздің келіміз, қызымыз, жолдасымыз дегендей қызмет атқарады. Олардың тұрмыс тіршілігімен, күнделікті жұмыстарымен, әлеуметтік жайымен танысып қайттық. Өндіріс басшылары өте үлкен құрметтерін көрсетті. Арнайы мерекелік дастархан жайып, қал-қадірінше сый-сияпаттарын жасады, дейді ауыл тұрғындары атынан ризашылығын білдірген Жансұлу Қуанышбаева. Мерекелік шарада «5S», «Микс», «Черный тридцатька» сияқты команда-команда болып өнер сайысына түскен өндіріс жұмыскерлері өздерінің сегіз қырлы, бір сырлы азаматтар екенін анық байқатты.

«Ән-күй, түрлі билер мен ойындар өте әсерлі болды. Команда мүшелері: Амалбеков Нұрсұлтан - капитан команда, Икенов Досымхан, Қуанышбаев Жанторе, Игілікова Тұрсынқұл, екінші команда мүшелері: Омаров Файзулла, Есіркепов Асылан, Ибадилда Рахымжан, Кеттебекова Акмарал, Абдурахимов Сардар, үшінші команда мүшелері: Тәңірбергенов Ролан, Балатаев Бекжан, Бақтыбаев Бақдәулет, Есмұрзаев Даулет секілді өнерпаз қызметкерлер ерекше көзге түсті. Сондай-ақ жұмысшылардың жанашыры саналатын «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасы Батаев Нұрсұлтан мырзаға да ерекше ата-аналық алғысымызды білдіргіміз келеді, дейді ауыл әкімі Оразхан Ермахан.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**

## Тырысқақ-аса қауіпті ауру

Холера – (тырысқақ) аса қауіпті жұқпалы ауру. Тырысқақ ауруының қоздырғыштары өте ұсақ үтір белгісі тәрізді болуымен байланысты вибрион деген ат берілген. Тырысқақ ауруының екі түрі анықталды. Бірінші түрі негізгі азиялық тырысқақ (классическая азиатская холера), екінші түрі Эль-Тор тырысқағы (холера Эль-Тор). Аурудың екі түрінің көзге көрінерлік айырмашылығы жоқ, адам өміріне қауіпі бірдей деуге болады. Тырысқақ қоздырғышы ұзақ мерзімге дейін адам денесінен сырт жерлерде өмір сүруі мүмкін. Қоздырғыш ашық су қоймалары мен теңіз суында бірнеше айға дейін, қайнамаған суда 25 күнге, қайнаған суда 37 күнге дейін тіршілігін жоймайды. Сіресе иірім суда, монша суы жиналған жерде 106 күнге дейін өмір сүреді. Ылғалды бау-бақшадағы топырақта 75 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды. Ауру адамның нәжісі тиген іш киім бедерінде бірнеше аптаға дейін өмір тіршілігін жоймайды. Тырысқақ қоздырғыштары

көкөніс-жеміс тағамдарында 7 күн, сары май, сүт, балмұздақта 14 күн, сүзбе, шикі етте 7 күн, тұздалған етте 21 күн, нанның қабығында 7 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

Дезинфекциялық дәрілерге тырысқақ қоздырғышы өте сезімтал келеді. Тырысқақ қоздырғышы ауру адамнан сау адамға әртүрлі жолмен жұғады. Тырысқақпен ауырған адам әлінің бар уақытында лас қолмен азық-түлікке араласып тағам дайындаса, үй мүлкін ұстаса қоздырғыштар адамның асқазанына түсуіне үлкен жағдай туады. Әсіресе ауру адамды күтушіге ауру қауіпі зор. Тырысқақ осымен қатар, сау адамға осы аурудың қоздырғышы түскен су арқылы да, көкөніс, жеміс тағамдары арқылы да жұғады. Әрдайым ауру адамның дене қызуы төмендейді.

**А.УТЕПОВ,  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің бас маманы.**



меттік жұмыс және кадр қызметінің директоры Алтын Калабайқызы Еспусинова-Әлеуметтік жұмыс бойынша жене кадр қызметінің аға маманы Бабаханов Мухтар-Әлеуметтік жұмыс бойынша жене кадр қызметінің бас маманы Алла Юрьевна Шурма сияқты білімді де білікті мамандардың ұйымдастыруымен өткен шараға Қаратау ауылының тұрғындары риза болып барып қайтты. Қаратау ауылының еңбек ардагерлері, көп ба-

келік шараны өз көздерімен көріп келді. Расында мұндай ауыл тұрғындарының қатысуымен өткен шараның бұл алғашқысы болса керек. Бұрын соңғы барлық шаралары өздерінің ішінде ғана болатын шараның халыққа жақындауы да үлкен жаңалық деп білеміз.

«Бізді елеп ескеріп қонақ ретінде шақырған өндіріс басшыларына, ол шараны ұйымдастырған азаматтар мен азаматшаларға ауыл жұртшылығы атынан алғы-

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директордың міндетін  
уақытша атқарушы:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс  
телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**4000 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.